



Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2024 жылғы 13 ақпандағы № 15-3 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының төрағасы

С. Баумағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2024 жылғы 13 ақпандағы
№ 15-3 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Нормалар жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 09.12.2024 № 23-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Объектінің атауы	Есептік бірлік	Жинақтаудың есептік нормалары, м3/ жыл
1	2	3	4
1.	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,707
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,22
2.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,549
3.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,475
	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер,		

4.	банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,295
5.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,096
6.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,426
7.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,11
8.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,621
9.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,098
10.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,04
11.	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,07
12.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,08
13.	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,149
14.	Машиналардан сату	1 м2 сауда орны	0,351
15.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,176
16.	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м2	0,072
17.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,112
18.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, жанармай құю станциялары	1 машина-орын	3,677
19.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,624
20.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,829
21.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,079

22.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,91
23.	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,064
24.	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,29
25.	Ауылдың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,031

Ескерту.

Аббревиатураның транскрипциясы:

м2-шаршы метр;

м3-текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК